

ҚАЗАҚСТАН

ИСЛАМ

және

Қазақстан
мұсылмандарының
діни-танымдық
газеті

ӨРКЕНШЕТ

№ 7 (115)

1-10 НАУРЫЗ, 2008 ЖЫЛ.

Газет 2000 жылдың қазан айынан шыға бастады.

www.muftyat.kz

Газетте Құран аяттары мен пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадистері жарияланғандықтан, оған құрметпен қарап, аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.



ДІННІҢ ТҰРСЫН ДІН АМАН

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Орталық Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, Бас мүфти, шейх Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ хазретпен сұхбатымыз әуелде Алматыда өтетін болып уағдаласылған еді. Елбасымыз, “Нұр Отан” партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партия Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында дін мәселесі жөніндегі ұстанымды нақты айқындау қажеттігін айтқанына орай біз Дінбасымен хабарласып, сұхбаттасу үшін Алматыға арнайы баратынымызды айтқанбыз. Уәдемізді орындаймыз дегенше арада бірнеше күн өтіп те үлгерді. Сөйтіп жүргенде, Әбсаттар қажының өзі Астанаға және үлкен басын кішірейтіп, мәдениеттілікпен, зиялылықпен редакцияға да келді. Сұхбаттан кейін қарашаңырақтың ұжымымен емен-жарқын әңгіме өткізді. Назарларыңызға ұсынылып отырған сұхбатта сол кездесу кезінде қозғалған кейбір мәселелер де қоса қамтылған.

– Құрметті мүфти хазрет! Ұлтымыз тәуелсіздікке қолы жетіп, ата-баба дінімен де қайта қауышты. Мешіттер де салыну үстінде. Әйтсе де кейде асыл дінімізді сан-саққа жүгіртіп, түрлі пікір туғызып, өз көзқарастарын таңуға тырысушылық байқалады. Сіз Бас мүфти ретінде Қазақстан мұсылмандары ұстанатын Исламның хақ жолы туралы түсінік берсеңіз.

– Ислам – он төрт ғасырдан бері бүкіл адамзатты сенімі мен нанымына, тегі мен нәсіліне қарамастан бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлылық пен тазалыққа шақырып келе жатқан Аллаһ тағаланың бірегей діні. Тарих сахнасына көтерілгеннен бері Ислам дінінің ғылым, білімнің, мәдениет, яғни өркениеттің сарқылмас кәусар бұлағы екендігін әлем мойындағалы қашан. Ислам әлемге данқты жерлестеріміз Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Ғибадулла ат-Тарази, Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Фараби ат-Түркістани,

(Жалғасы 4-5-беттерде.)

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Ұлықбек, Мұхаммед Захир ад-Дин Бабур мен Мұхаммед Хайдар Дулати, Имам Замин Түркістан секілді кемеңгер тұлғаларды берді. Ғылымның көптеген саласына даңғыл жол ашты. Ислам – ғылымның, білімнің діні. Құран 719 жерде ғылым, білім жайын айтады. 336 жерде имандылық туралы айтады.

Ислам дінінің қазақ даласына келгеніне де он екі жарым ғасыр болды. Халқымыз ежелден Ислам ғұламасы, шарияттың білгірі Әбу Ханифа Нұғман Сәбитұлы (р.а.) негізін қалаған Ханафи мазһабын (діни құқықтық мектеп) ұстанады. Бұл мазһаб тұнған ізгілік пен бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарға бай. Бұл күндері әлем халқының төрттен бірі мұсылман болса, солардың жартысы дерлік осы мазһабта.

– Исламда жалпы төрт мазһаб бар екенін білеміз. Соларды атын атап, түсіндіріп кетесіз.

– Ол мазһабтар – Ханафи, Малики, Шафиғи және Ханбали. Мазһабтар Ислам әлемінің көптеген елдері мен халқына тарасымен, әр ұлт пен ұлыстардың бірлігі мен тұтастығын сақтау үшін ұлттық салт-дәстүріне барынша жақын шарият үкімдерін іріктеп, сұрыптап

мойындамауды, ұлттық салт-дәстүрді бидғат санауды, Ата Заңымыз бен өзге де заңнамаларымызға мойынсұнбауды жақтайды.

Әруақтарға Құран бағыштауды дұрыс емес дейді. Құран бағыштауға болатыны жөнінде хадистерде риуаят етілгенін мойындамайды.

Еліміздің киелі орындары – Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи, Отырардағы Арыстанбаб, Маңғыстаудағы Бекет ата, Алматыдағы Райымбек, Әлмерек абыз, т.б. кесенелерді бұзу керек деп есептейді.

Шәкірттеріне “Көп білім үйрену адамға зиян” деп түсіндіреді. Ислам дінінің талаптарына үстірт қарайды. Көпшіліктің жүйкесіне тиіп, алаңдату, күмән тудыру арқылы пікір қайшылықтарына барады. Исламдағы Құран, сүннет, ижама, қияс амалдарын теріске шығарады. Бұл діни-саяси партияның “азаттық” атауының түбі – төңкеріс. Ал барлық төңкерістердің қантөгіссіз өтпейтіні тарихтан белгілі.

Іштен іріткі салу үшін түрлі діни ағымдар атын жамылшы, өз мақсаттарын жүзеге асырады. Орысша оқыған қандастарымызды өз қатарына көбірек тартуға тырысады. Өйткені, қазақ тілін білмейтін қандастарымыздың ұлттық көзқарасының да болуы мүмкін емес деп санайды. Өз мүшелеріне әркез: “Сенің амалың дұрыс, өлімнен қорықпа, үш секунд

Сондықтан да шығар, қазақ, ұйғыр, түрік және тағы басқа да ұлттар мен ұлыстар үшін жеке-жеке қауым ашып, жанын салып, олардың саналарын улауда.

Бұлармен бірлесіп күресу орнына, кейбір жекеменшік телеарналар ақша төлесе болды, көзді жұмып, олардың зымиян насихатына есікті айқара ашып отыр. Кейде сектанттардың өсек-аянды мұрат еткен сарыжалақ бульварлық газетсымақтар мен жалдамалы жазғыштардың қойны-қонышын толтырып, бізді, Исламды жамандатып мақала жаздыртып, жариялатып та қоятынын қайтерсін.

– “Иегова куәгерлерін” қалай тануға болады?

– “Иегова куәгерлері” ешбір ұлттың мәдениетін мойындамайды: “Отан, тіл, тарих, әдет-ғұрыптардың керегі жоқ”, дейді. Ал бұларсыз кез келген ұлттың мемлекет болып қалыптаса алмайтыны бесенеден белгілі;

Мемлекеттік шекара, әскер және Отан үшін соғысу олар үшін жағ. Егер жастарымыз әскерге бармаса жер мен елді кім қорғамак? Қорғасыз жұртты қаз жермен оңай басып алмай ма?

Олар туымызды құрметтеуге, мемлекетіміздің әнұранын айтуымызға да қарсы. Тудың “Иегова куәгерлері” үшін еш керегі жоқ. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) заманындағы

◆ ЗАМАНА ЗИЯЛЫЛАР ЗЕРДЕСІНДЕ

бармастан жарияға жар салуға асығады. Басқа дінде өздерін-өздері осылайша сынап, күлкіге айналдырып жатқанын көре алмадық. Бұл дін жауларының сойылын соғу екенін сол журналист қандастарымыз білер ме екен? Сенсация куудың да жөні бар емес пе?!

– Ел халқының 70 пайызы ұстанатын ата-баба дінін мұнан әрі орнықтырып, оны балабақшадағы бүлдіршінінен еңкейген қартқа дейін жеткізу арқылы имани бірлігіміз бен ынтымағымызды күшейте түсу үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау қажеттігі айтпасақ та түсінікті Осыған қатысты нақты ұсыныс, талап-тілектеріңіз бар ма?

– Сауалыңыз орынды. Бұл мәселелер күн сайын алдымыздан кес-кестейді. Бір ұлттың бірнеше дін мен ағымға бөлінуі, тарих көрсеткеніндей, ауыр қайғы-қасірет. Аллаһ тағала оның бетін аулақ етсін. Қазақ халқы тек Ислам дінімен бірге жасасып, өніп-өсіп, өркен жайып келеді. Кейін де осылай бола беруді деп үміт арттамыз.

Ресейдің үш ғасырға созылған бодандығы кезінде бірқатар жерлерде қазақтарды шоқындыруға тырысу әрекеті болғаны белгілі.

ДІННІң ТҰРСЫН ДІН АМАН

алуынан туындады. Мысалы, имам Малик мазһабы Африканың бірқатар еліне тараса, имам Шафиғи мектебін Мысыр, Шам, Малайзия, Индонезия елдері, ал Ханбал мазһабын Парсы шығанағы аймағына орналасқан халықтар ұстанады.

Ханафи мазһабы негізінен Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Түркия, Татарстан, Башқұртстан, Қарашай-Черкес, Кабардин-Балкар, Шығыс Түркістан, Орталық Азия халықтарына кең жайылған.

Осы төрт мазһаб ішіндегі халқымыздың ділі мен табиғатына жақыны – бабаларымыз әу бастан таңдаған бірегей Ханафи мазһабы. Исламда ұлттың бір мазһабта болуының артықшылығы көп – халық біртұтас, ынтымағы мен бірлігі күшті, ұйымшыл болады. Орталық Азияда қанша ғасырлардан бері діни алауыздықтың болмай, ұрыс-керіс, дау-жанжалдан іргесін аулақ ұстауының да бірден-бір сыры осында. Өйткені, құлшылық амалдарының бір болуы ондай жат пиғылдың тууына жол бермейді.

Ханафи мазһабы өзге мазһабтармен салыстырғанда өз ұстанушыларына көп жеңілдік беруімен, әрі бүгінгі тілмен айтсақ, демократиялығымен де ерекшеленеді. Біздің жартылай көшпелі халқымыздың бұл мазһабты қабылдауының тағы бір себебі өз дүниетанымды, болмысы мен діліне оның тонның ішкі бауындай жақындығында.

– Осыдан біраз уақыт бұрын Астана қалалық соты Ислам атын жамылған бірқатар ағымдарды ниет-пиғылы жат деп қызметіне тыйым салды. Соның бірі – “Хизбут-тахрир”. Мұның бірқатар жетекшілеріне былтыр Қарағанды қаласында да сот болды. Әлі күнге көпшілік бұл ұйымның көздеген мақсаты не, бізге зияндылығы қайсы деген сауалдар қойып жатады, бұл жайлы толығырақ білгісі келеді.

– Негізінде, “Хизбут-тахрир” дінді шатыр еткен діни-саяси партия. Арабша “хизб” – ұйым, партия, ал “тахрир” – азаттық мағынасын білдіреді. Оның негізін 1952-ші жылдары Палестинада Таки ад-Дин Набахани деген салған. Партия мүшелерінің санын көбейту мақсатымен өз атауына исламды да қосып, алдына 13 жылда халифат құру міндетін қойған. Бірақ бұл мерзімде партия мүшелерінің саны өспеді, бірде-бір мұсылман мемлекетінде халифат құрылмады. Тіпті араб елдерінің өзі “Хизбут-тахрир әл-Ислами” партиясының идеясын құптамайды. Хизбутшылар ислам атынан таратқан әдебиеттерді (кітапшалар, парақшалар) мұсылман әлемінің ғұламалары мен діндарлары мойындамайды, теріске шығарады. Шынында да, олардың “Әл-Маусуату әл-муассара фи-л-адиян...” кітабына көз салсаңыз қоғамға, сондай-ақ барша адамзатқа зиянды көптеген жайларды көресіз.

– Сонда қандай жайлар?

– Айтайын. Санамалап та берейін.

Ислам дінін сылтау етіп бейбіт өмір тыныштығын бұзу. Бүкіл әлемдік халифат құру. Иә, тура осылай дейді. Бұлар мемлекетті де, оның үкіметі мен шекарасын да мойындамайды. Ал пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): “Халифалық мәнен соң отыз жылға дейін ғана жалғасады. Оған соң патшалық пен әмірлік басталады”, деген хадисін көзге ілмейді. Олар Ислам қағидаларын бұрмалап, оған өзгерістер енгізуді, мұсылмандар арасын жікке бөліп, дұрдараздық туғызуды, “Әнли сунна уәл-жамаға” ғұламалары пікірлерімен келіспеуді, мемлекет жүйесін құлатып, билікке қол жеткізуді, қазақтың шығу тегі мен елінің тарихын

шыдасқан болды, көзінді ашқанда жәннатта боласың” және “Өзіңді құрбан етсең шаһид дәрежесіне жетесің”, деген сияқты алдамшы сөздермен лаңкестікке итермелейді. “Хизбут-тахрир” ұйымының мүшелері шәкірттеріне: “Ата-анаң, туысқандарың намаз оқымаса, көпір”, – деп үйретеді. Оның көсемсымақтары үкімдерін шариятқа емес, саяси көзқарастарына негіздеп шығарады.

– 1992 жылы діни сенім-нанымға байланысты қабылданған заңның осал тұстары көп екені белгілі. Соны шебер пайдаланған, елімізде тамыр жаймаған, орталықтары Америка мен Еуропаның кейбір елдерінде орналасқан “Иегова куәгерлері”, “Благодать” секілді т.б. дінсымақтар мен олардың басшылары, уағызшылары елімізге, әсіресе 90-шы жылдары ағылып келе бастады. Соның ішіндегі ең қауіптісі протестанттардың дін атын жамылған түрлі тармақтары сияқты көрінеді. Әсіресе “Иегова куәгерлері” деген батыл әрекетте. Әдетте секталардың қыр-сыры туралы айтыла бермейді. Сол себепті жұрт біліп жүруі үшін осындай секталар туралы да айта кетесіз.

– Рас айтасыз, бізде қазір көктемгі нөсерден сонғы саңырауқұлақтай қаптаған секталар мен топтар жетерлік. Бұлармен шын мәніндегі діни идеологиялық күрес 2000 жылдан басталды деуге болады. Біразының түбіне балта да шабылды, көпшілігінің қызметі бәсеңсіді. Ал, жалпы осындай секталардың көпшілігі өздері шыққан жерлерінде де соншалық тарала қоймаған, кейбірінің аты бар да заты жоқ, сондықтан беделі де шамалы. Соның бірі – “Иегова куәгерлері”. Бұл өзі ойдан шығарылған дінсымақ.

1870 жылы Америка Құрама Штаттарында Чарльз Тазе Руссел “Иегова куәгерлері” атты діни ұйым құрады. Орталығы Нью-Йорк қаласы. “Иегова куәгерлері” бұрын “Киелі кітап зерттеушілері” деп аталған. 1931 жылы “Иегова куәгерлері” деген атқа ие болады. Иегова – Тауратта тәңірге берілген есім. Иегова куәгері дегеніміз “Тәңірге куәлік” еткен, “Иегова Тәңірдің жолымен жүретін кісілер” деген мағына береді.

Мамандар “Иегова куәгерлерін” мұсашылық ықпалындағы бағыт деп есептейді. “Иегова куәгерлері” дәстүрлі діндерге жатпайды. Ең дұрысы оларды “Иахуди христиандығы” деп атаған мақұл.

Бүгінде оларға АҚШ пен Еуропа мемлекеттері қаржылай көмек беріп, тиісінше қолдау көмегін аямауда. Уағыздарын жүргізу үшін сол жақтан келген кітаптар мен кітапшаларды, басқа да басылымдарын көптеп таратады. Бұған қоса, ондай дүниелерін қазақ тілінде де мол таралыммен шығарып, көшпелерде өткен-кеткендерге тықпалайды, үй-үйді аралап, есік-терезелерін қағып, пошта жәшіктеріне тастап кетеді. Насихаты елімізде “Рахат” телеарнасы арқылы күндетәңертенгісін жарты сағат, “Таң” телеарнасы арқылы он бес минут беріледі. Оның үстіне Алматыда күндіз-түні тоқтаусыз уағыз айтатын кабельді телеарнасы тағы бар. Мұның барлығы қыруар қаржы арқасында атқарылып жатыр. Олар кезіндегі экономикалық қиыншылығымызды, жұмыссыздықтан туындаған әлеуметтік жағдайдың төмендегенін, оның үстіне халықтың діни сауатының кемшіндігін, жастардың ағылшын тілі мен компьютерді үйренуге деген құштарлығын өз мүдделеріне шебер пайдаланды. Олар әсіресе, мұсылмандарды өздеріне көбірек тартуға тырысады.

соғыстарда Ислам әскерінің тулары болған және олар ерекше құрметтелген. Хайбар соғысында үлкен ерлік көрсеткен Әлиге (р.а.) туды пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз қолымен табыс еткен.

Ту – тек жай ғана мата емес. Тәуелсіздігіміздің белгісі. Туымызды сүю халқымызды, өз егемендігімізді сүюмен тең.

Олар қан беруге, ішкі ағзаларды алмастыруға, оспаға қарсы дәрі еуге қарсы. Шұғыл түрде қан керек болып өлгелі жатқан адамға қан құюға немесе қан алуға тыйым салады.

Қаласаңыз да, қаламасаңыз да Ислам – Қазақстанның негізгі діні. Ол барлық ғасырлар және қиын-қыстау кездері һәм түрлі кезеңдерде мемлекетіміздің тірегі, жүрек сара жолы, сүйеніші, таянышы болды, болып келеді және бола да береді. Секталар мен миссионерлерге біздің халқымыз да, дініміз де емес, жер асты, үсті байлығымыз, мұнайымыз бен газымыз, алтынымыз бен көміріміз ғана қажет.

– Сіз мемлекет пен діннің біріккенін қалайсыз ба?

– Жоқ. Мемлекет пен дін Ата Заң бойынша екі бөлек, еліміз зайырлы ел бола бергені дұрыс. Дін де тәуелсіз болуы тиіс.

– Ол дұрыс қой. Дегенмен, мынандай бір ойды да ортаға салғымыз бар. Біз дін мемлекеттен бөлек дегенді кейде олардың бір-біріне қатысы жоқтай етіп айтамыз. Былай қарасаңыз мұның өзі кешегі атеистік мемлекеттің бір ұстанымы. Зайырлы мемлекет күйінде де біз дінді елдіктің бір ұстанымы ретінде қарауымызға болады емес пе?

– Мұныңың орынды. Дінді имандылықтың тірегі деп айту жеткіліксіз. Дін – мемлекеттіліктің де бір тірегі. Сондықтан да Исламды ұстанушылар еліміз бен жеріміздің, отанымыз бен халқымыздың амандығымен қатар өзіміздегі осал тұстарымыз да түзелсе деп Аллаһ тағаладан тілеп, дұға жасайды.

– Сонда қай жеріміз осалдау?

– Қазір қоғамымызды коррупция жегідей жеп отыр. Онымен батыл күрес басталғаны дұрыс болды. Өйткені, көптеген елдердің түбіне сол да жеткен. Екінші бір осал тұсымыз – имансыздықтың белең алып отырғаны. Жезкешелік, маскүнемдік, ұрлық-қарлық, өтірік-өсек, жалақорлық, нашақорлық... мұның бәрі де имансыздықтан туып отыр деп ойлаймын.

Телеарналардан үзбей беріліп жататын кісі өлтіру мен тонау, зорлық пен зомбылықты дәріптеуден біздің бүгінгі ұрпақ не өнеге алып жатыр? Бұған да тыйым болмай отыр. Сонымен қатар телеарналар барынша әдепсіздік пен эротиканы көрсетуге әуес. Оларды бала да, ата-аналары да бірге көреді-ау деген ой қаперлеріне де кірмейді. Мұның есесіне адамгершілік пен ізгілікке, қайырымдылық пен бауырмалдыққа үлдейтін дін насихатына сол телеарналардың құлқы жоқ. Адамды бұзуға бар да, түзеуге жоқ.

– Мүмкін діни насихатты күшейту қажет шығар?

– Қазір діни басқарма “Ислам және өркениет” атты газетін айына үш рет 47 мың тараумен, айына бір рет “Иман” атты журнал шығаруда. Алайда, өкінішке орай, үкіметіміз Ислам насихатына аптасына бір рет болса да мемлекеттік телеарналар арқылы 30 минуттық хабарға уақыт таба алмай отырғаны өкінішті. Мұны айтасыз, кейбір қазақ тілді басылымдарымыз имамдарымыз бен молдаларымыз түшікіріп қалса жерден жеті қоян тапқандай алақайлап, байыбына

Ал, кешегі жетпіс жылғы атеизм тұсында құдайсыздық тәрбие мен идеологияның сананы улап, мәңгірттендіруге күш салған тағы шындық. Сүйсінерлігі сол, өз сеніміне берік те адал халқымыз дінін саптады, өзгенің тәтті де сылдыр сөзіне ермеді, жылтырағына қызықпады. Ал, бүгінгі күні бірқатар қандастарымыз түрлі ағымдар мен секта, топтардың жетегіне кетсе, бұған бірінші себеп олардың діни сауатсыздығы, екіншісі ел бірлігі мен ынтымағын күшейту үшін халықтың бір сенімде ғана болуына заңдық тұрғыдан негіз қалауына дер едім.

– Діни радикализм, саяси экстремизм секілді іріткі салғыш құбылыстарға қатысты қоғамда алаңдаушылық бауы белгілі. Соның бірі – қандастарымыздың өзге дінге өтуі. Кейде тіпті жарты миллиондай қарақоз ағайындар өзге дінге кірген дегенді де естіп қаламыз. Меніңше, мұның рас болуы қисынға келмейді. Халқы 16 миллионға да жетпейтін ел тұрғындарының 60 пайыздайы қазақ, оның шамамен 4 миллиондайы ересек адам, соның 500 мыңдайы өз дінінен безуі тіпті сенгісіз жай...

– Иә, олай болуы мүмкін емес. Еліміздегі әр ересек сегіз қазақтың біреуі өзге дінге өтіп кеткен деп дерексіз сөйлеу – халықты қорлау. Өзге дінге бас ұрғандардың нақты санын алған ешкім жоқ, оны алу мүмкін де емес. Тағы да айтамын: бұл жәйт бізді қатты алаңдатады. Ұдайы назарымызда. Өткен жылы бірде Корей елінің дипломатымен сұхбаттасудың реті келіп қалды. Орайы келген тұста: “Сіздердің дәстүрлі діндеріңіз – буддашылық. Соған қарамай қазір ел халқының 80 пайыздан астамы христиандықтың, соның ішінде протестанттықтың жолында жүргені қалай?”, деген сұрақ қойдым. Ол кісі тұнжырап, қиналықпен отырды да: “Мұның бәрі кешегі екінші дүниежүзілік соғыстан, одан кейін елді екіге бөлген азамат соғысынан кейін басталған. Сол кезде Батыстан бізге көмек қолы созылды. Киім-кешек те, азық-түлік те келді. Көмек көрсетушілер біздің отандастардан әлгі киім-кешекті, азық-түлікті берер алдында протестанттыққа өтуді талап етті. Өз дінін тастамай, көмектен бас тартқандар да болды. Күн көрістің қамы үшін солардың айтқанына көнгендер олардан да көп боп шықты. Қайтейік, осындай жағдайға түстік”, – деді.

Біздің жастарымыздың біразының өзге дінге өтуіне де ана жылдардағы мұқтаждық әсер етті ғой деп ойлаймын. Жүз долларлық бір көк қағаз үшін ата-баба дінінен безіп шыға келген намыссыздықты ақтаудың жөні жоқ, әрине.

Өйтсе де, қазір өзге дінге өту үрдісінің төмендеуіне де айтқанның артықтығы жоқ. Бұл да өздігінен болған жоқ. Діни басқарманың сансалалы, жан-жақты игі қызметінің нәтижесі екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Заңымыздың көңілжықпастығынан жан-жақтан тоқайласқан ағымдар мен секталар халқымызды рухани азыруға тырысқаны азай, енді осы іс-әрекеттерін жан-жақты талдап, олқы тұстарын жетілдіру үшін арнайы ғылыми-зерттеу институттарын және христиан дінінің мамандарын дайындайтын оқу орындарын ашуға жан салуда. Сананы өзгертепек. Миссионерлердің мұндай зымиян ниет-пиғылын жүзеге асыруына ұлтжанды, елжанды атпал азаматтарымыз жол бермейді деп сенгіміз келеді. Бұл, қайталап айтсақ, елімізді басынғаны, асымызды ішіп, дастарханымызды тілгені, жаман үйдің қонағы билеп, “заңдарына пысықырып та қарамаймын” дегені. Нақты бір

мысал келтірейін. Қандастарымыз ұйысқан Алматыда 27 мешіт болса, Алматыдағы діни бірлестіктермен жұмыс жасайтын орындардың мәліметінше, өзге діндер мен секталардың ғибадатханалары 200-ге жуықтайды екен. Бұл қандай мұқтаждықтан туып отыр? Ғибадатханалар ары-беріден кейін жамағатының санына байланысты салынбай ма? Осыншама ғибадатхана кімге керек? Бұл сауалға сол ғибадатханалар үшін жер телімін беріп отырған тиісті орындардың шенеуніктері жауап беруі керек. Түркіменстанда бір діни конфессияны тіркеу үшін одан 50 мың ұстанушысының болуы талап етіледі екен. Бізде оларға тосқауыл қойылып отырған жоқ деседі ұлтжанды, дінжанды отандастарымыз.

Былтыр кришнайтердің Қаскелең іргесіндегі саяжайларды заңсыз иемденгені, оны өздерінің жынойнағына айналдыруына байланысты мәселе сотта қаралды. Олар жер дауының өңін айналдырып, оған саяса да, діни де астар беріп, халықаралық деңгейде шу шығарды. Батыс Еуропаның бірқатар елдеріндегі Қазақстан елшіліктері алдында “наразылық” шерулері мен митингілерін өткізіп, мемлекетіміздің халықаралық беделін түсіруге жанын салды.

– Иә, мұнан сабақалып, тиісті қорытынды шығаруға тиіспіз. Қазак: “Өткір пышақты бос ұстасаң өз қолыңды кеседі”, дейді. Сонда қандай ұсыныстарыңыз бар?

– Заңымызды қатайтып, осыған орай нақты іс-шаралар кешенін белгілеп, жүзеге асыруға тиіспіз. Асыл дінімізді төрге шығарып, өз қадір-қасиетіне лайық дәрежесін көтергеніміз абзал. Осы жағдайларды жан-жақты сараптап келе Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2000 жылдан бері Үкіметке бірнеше рет арнайы ұсыныстар топтамасын жолдаумен келеді. Сіздің сауалыңызға орай мүмкіндікті пайдаланып, соның толық нұсқасын ұсынғым келеді. Онымен халықтың да танысып, діни басқарманың осынау аса көкейесті мәселеге қатысты ұстанымдары мен нақты ұсыныстарын білгені жөн. Мен осы өңгімеде жүйелеп айту үшін оларды оқып беруіме де болады.

– Оқыңыз.
– Біздің нақты ұсыныстарымыз мынандай: бұқаралық ақпарат құралдарында Елбасы ұсынған “діни сағат” айдарымен діни-танымдық хабарлар мен материалдарды беру жүйеге түсірілсе;

дін насихатын өрістетіп, жандандыра түсу үшін Діни басқарманың мерзімді басылымдары мен кітаптарын шығаруына мүмкіндік беретін, заман талабына сай баспаханасы болуына көмек берілсе;

Қазақстанда ислами тұрғыдағы кітаптар мен бейне, ұнтақпапалар діни басқарманың мақұлдауымен ғана шығарылса;

балабақшадан бастап мектептерде, жоғары оқу орындарында арнайы имани тәрбие пәні енгізілсе;

Діни басқарманың қос басылымы – “Иман” журналы (ай сайын шығады) және “Ислам және өркениет” газеті (айына 3 рет шығады) ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан

өткізілетін тендерге қатыстырылса; дініміздің кең көлемде қолдау табуына материалдық қолдау Қоры құрылса (шалғайдағы ауыл, кент, аудан мешіттерінің имамдары мен молдалары жалақы алмайды, алса көлемі мардымсыз, дін насихатын жандандырып бүгінгі уақыт талабына сай діни-танымдық және ғылыми-практикалық конференциялар өткізуге, қажетті кітапшалар, дискілер мен кассеталар шығаруда қаржы тапшылығы қол байлауда);

Бірқатар тарихи мешіттерді қайта қалпына келтіріп, күтімде ұстау үшін олар мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасына енгізілсе (қажет жағдайда тізімі беріледі);

үй ішінен үй тігіп, асыл дініміздің атына кір келтіріп жүрген, Ислам атын жамылған түрлі күдікті діни бірлестіктер мен жеке меншік мешіттер таратылып, сараптаудан өткізілген соң ғана Діни басқарма ұсынысымен тіркелсе;

бірқатар мешіттердің жері жеке адамдардың меншігінде. Бұлардың жер актісі қайта қаралып Діни басқарма балансына берілсе;

облыс, қала, аудан орталықтарында халық тығыз қоныстанған жерлерден ғибадат жасауына ыңғайлы болуы үшін, болашақ мешіттерге жер телімі Діни басқарма ұсынысымен ғана бөлініп отырса;

ҚР бойынша ашылған және ашылатын ҚМДБ аясындағы мешіттерге және діни оқу орындарына материалдық көмек тұрақты көрсетілсе және олар коммуналдық шығындардан мүмкіндігінше босатылса, немесе жеңілдік берілсе;

1992 жылғы “Діни сенім бостандығы” туралы Заңға қажетті түзетулер мен толықтырулар, өзгертулер жасалса, нәтижеде елімізді басынып, рухани қауіпсіздігімізге қатер төндіріп отырған, Қазақстанды күдікті дінсымақтардың құл-қоқысына айналдыруларына мүлдем тыйым салынса;

ниет-пиғылы жат, халық арасында іріткі салатын секталар мен ағымдар, топтар бағдарламалары мен іс-әрекеттері мүқият тексеріліп, қайта тіркеуден өткізілсе;

сананы ұлайтын жат ағымдар мен секталардың шетелден әкелінетін кітаптары мен бейне таспадары шекарадан өткізілмесе, ал тарап кеткендері тәркіленсе;

бұқаралық ақпарат құралдарында жат жерлік діни секталар мен ағымдарды насихаттауға үзілді-кесілді тоқтау салынса;

орталықтары шет елдердегі секталар мен дінсымақтар немесе дін атын жамылған түрлі миссионерлердің үй-үйді аралауы және көшелерде де діни кітаптарын таратуға мүлдем тыйым салынса;

шетелдік миссионерлер мен секталардың Қазақстанда ғибадатханаларын салуға рұқсат беру үшін келушілер (ғибадат жасаушылар) саны қатаң ескерілсе (мысалы шіркеу, ғибадат орнын салу үшін ғибадатшылар саны 10-15 мыңнан кем болмаса);

республикада кері ағымдар ілімінің таралуына нақты әсер етіп отырған жастардың шетелдерде діни білім алулары заңдық тұрғыда реттелсе;

жыл сайын қажылыққа баратындар үшін аса күрделі мәселеге айналған ұшақ мәселесі шешілсе;

елімізде қажылық миссиясын құру және оның тұрақты жұмыс істеуі үшін “Қажылық қоры” құрылса;

отбасылы, бала-шағасы бар дін қызметкерлеріне тұрғылықты жерлерінде пәтер бөлініп тұрылуы міндеттелсе. Сондай-ақ олар әлеуметтік сала бойынша жеңілдіктермен берілетін бағдарламалар аясына енгізілсе.

Осы айтылғандарды газетке толық басуыңызды сұраймыз.

– Сөз жоқ, толық басамыз. Енді әңгіме соңында көңілдегі бірер сұрақты қойғымыз бар. Кейінгі кезде мешіттерге адам аты беріле бастады. Бірдене ат беру қазақта дау-дамайсыз жүрмейтін еді...

– Енді сол дау-дамай дінге ауыспай ма дейсіз ғой? Негізінде исламда мешітке адам атын беру бар. Қайрдің қақ төрінде тұрған Бейбарыс мешітін, өзіміздің Қарқаралыдағы Құнанбай мешітін айтуға болады, ондай мысалдар жеткілікті. Астанадағы үлкен мешіттің біріне Сәкен Ғылмани атын бердік. Ол кісі 1952-1972 жылдарда Қазақстанның қазі болған, атеистік мемлекет жағдайында, қиын кезде ата дініне көп қызмет еткен абзал жан. Жалпы, дін орындарына адам аты берілсе, ол дінге қызмет еткен, дінде із қалдырған кісі болуы керек.

Ана жылы Қызылорданың Шиелі ауданына жолым түсті. Жаңа мешітті көрсетті. “Шаһмардан Есенов мешіті” деп жазылып қойылған екен. Ол жайлы бізден ешкім рұқсат сұраған емес-ті. Жұрт көзінше ештеңе дей қоймадым. Алматыға оралған соң “Бұл мәселені қалай етсек болады?” деп жүргенімде марқұм академик ағамыздың үйіндегі жеңгеміз қабылдауыма келді. Мешіттің атын құжаттандырмақ екен. Ол кісіге мән-жайды түсіндірдім. Дін жолында қызмет еткен немесе Отан қорғап, шейіт кеткен адамдарға ғана мешіт аты берілгені жөн болатынын айттым. Жеңгеміз сол сәт серпіліп сала берді. “Соғыста бауыры қаза тапқан еді, сол кісінің атын беруге бола ма?”, деді. Сонымен, Шиелідегі Шаһмардан Есеновтің ұрпақтары өз қаражатына тұрғызған мешіт қазір академиктің атында. Жалпы, мешіттерге ат қоюды атақ шығарудың, бәсекеңің бір түріне айналдырып жібермеу керек деген ойыңыз дұрыс. Мешітке ат қою мәселесі бізде ҚМДБ төралқасында арнайы қаралады.

– Мешіт демекші, Алматыдағы болашақ салынатын үлкен мешіт туралы да айтып кетсеңіз. Жиырма мың адам сиятындай болады, Көктөбеге салынады дегеннен басқа көп ештеңе біле қоймаймыз.

– Қазір Алматыда мешіттер азық ете бастады. Жұма күндері құлшылық орындары маңындағы көше қозғалысын уақытша жауып тастауға да тура келіп жүр. Ғибадатханалар ығы-жығы көшеге жақын орналасқандықтан, намаз кезінде машинелердің үрпіндеген дауысы да естіліп, дыбыс бергені алаңдатып тұрады. Мені Елбасымыз қабылдағанда осы мәселені қозғап: “Шетелден келген қонақтар Алматыға

жақындағанда-ақ әуеден көзге шалынып, мұсылман елінің ірі қаласы екендігін көрсетіп тұратын, кең-мол жаңа мешіт салынса”, дегенмін. Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынысты бірден қолдады. Жер мәселесін қала әкіміне тапсырды. Бір күні Иманғали Нұрғайлы мені болашақ мешіттің орны болса деп ойластырған жерді көруге шақырды. Ол Көктөбенің Талғар жақ бетіндегі 1074 метрдей биіктік екен. Күнделікті күйбен тірліктен арылып, тәңір де, жаның да тазаратын жер. Сол жерден қазір 20 мың намазхандық зәулім мешіт салыну үстінде. Медресе, Діни басқарманың кеңсесі, қонақүй де болуы ескерілген. Төменгі жақтан кемінде 500 көліктік автотұрақ салыну көзделген.

– Блайым, сәтті шықсын. Тек бір ой бар. Мешіт деген адам баруға қиынсынбайтын орын болғаны жөн ғой. Сіз айтқандай, елдің елдігін көрсетіп тұратын жаңағұдай зәулім, кең мешіт те керек. Сонымен бірге, әрі кетсе бірнеше орамнан кейін бара қоятын, кіріп-шығуы көп уақыт алмайтын шағын мешіттер де көбірек салынса дейміз.

– Мұның бәрі бірте-бірте болады. Қазір Алматыда 27 мешіт бар. Ең соңғысы жақында ғана ашылды. Мешіттің ашылу рәсімінде Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан, қала әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов сөз сөйледі. Тәуелсіздікке дейін бүкіл Қазақстанда небәрі 68 мешіт болған, қазір 2200-ден асты. Олардың арасында сіз айтқандай бірте-бірте шағын мешіттер де көбіе беретін болады.

– Жамағат жиналған жерде имамдар мен молдалардың қасиетті Құран оқумен шектелмей, түрлі-түрлі тақырыпта уағыз айтқаны жарасым тұрады. Соның өзінде де кейде уағыз тым созылып, әсіресе, аязды күндердегі аза-қазанын тұсында шыдамсыздау кей кісілердің аузынан: “Алысқа тартты ғой...” деген сияқты сөздердің шығып қалатыны да ұшырасады...

– Иә, ол рас. Мұның бәрі, эрине, діни білімге байланысты. Хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың: “Дінді жеңіл жеткізіндер, қиындатпаңдар”, деген хадисі бар. Сондай-ақ, өз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тағы бір хадисінде: “Егер біреуің имамдық етсеңдер, намазды жеңілдетіңдер, өйткені адамдар ішінде әлсіз, ауру, асыққандар да болады”, деген, яғни Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) көпшілік намаздарында қысқа сүрелер оқу қажеттігі туралы айтып отыр. Сол сөзбенгі де имам, молдаларымыз осы даналық өсиетті үнемі есте ұстаулары ләзім.

Мешітке қыз бала, әйел заты білместікпен басына орамал тақпай келсе, оған жекіп-зекіп, дүрсе қоя берудің жөні жоқ. Ол сенің қандасың, әпкең, қарындасың, анаң. Бүгін білмесе, ертең білетін болады. Бүгін орамал тартпаса, ертең өзгелерді көріп өзі-ақ салады.

– Мұфти хазрет! “Ұлық болсаң, кішік бол” деген, редакциямызға өзіңіз келіп, салиқалы да мазмұнды әңгіме айтқаныңыз үшін алғысымызды қабыл алыңыз.

«Егемен Қазақстан».